

Құрмашова А.С.¹, Мазитова Д.Е.², Дүйсенбай Г.³

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

²ТОО "Реабиллион Групп" AlaMed реабилитация орталығы
Тараз, Қазақстан

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

АНА МЕН ҰЛЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ұл бала мен ана қатынасының ерекшеліктері, тәуелділік және бауырмалдық сияқты мәселесі қарастырылады. Ұл мен ана арасындағы қатынас психологиясы екі позициядан қарастырылады: ана тарапынан және ұл тарапынан. Отбасындағы ананың белгілі бір тәрбиелік міндеттерді шешу қабілеті мен дайындығын бағалау ретінде, балаға өмірлік тәжірибені беруге және өзіне-өзі өмір сүруде және тәрбиелік әлеуетте оған көмек көрсетуге байланысты ана феномені сипатталған. Ұл бала мен ана арасындағы өзара қатынасында бауыр басумен сипатталатын объективті қажеттілік, эмоционалдық қанағаттанушылық, нақты тәрбиелік функциялары қарастырылады. Ұл бала мен ана арасындағы қатынасты зерттеу ұл баланың жеке тұлғасының қалыптасуына әсер ететін факторларды түсіну үшін де, психологиялық-педагогикалық практиканы ұйымдастыру үшін де өте маңызды болып табылады. Жақындық, махаббат, сенім жағдайында қатынас, бір-біріне қамқорлық жасау ұл баланың психикасына күшті әсер етеді және одан әрі эмоционалдық уайымдарына, оның қажеттіліктерін іске асыруға кең ауқымды мүмкіндік береді, осылайша ол үшін шынайы әлеуметтік сезімдер мектебіне айналады. Ана-әрбір ер адамның жолындағы ең алғашқы әйел болғандықтан оның болашақ махаббат өмірін бейсаналық түрде анықтайды. Оның махаббатымен басқа ештеңе салыстыруға болмайтындығын әрбір ана түсінеді. Ана мен ұлы арасындағы байланыстың үлкен маңызы бар болғандықтан, болашақ ер адамның ары қарай өмір сүруіне әсер етеді. Бұл қатынастардағы негізгі проблема ананың ұлына қатты бауыр басуы болып табылады, ол шамадан тыс қамқорлықта көрінеді.

Түйін сөздер: отбасы, ана-бала қатынастары, бауырмалдық, тәуелділік, қамқорлық

Құрмашова А.С.¹, Мазитова Д.Е.², Дүйсенбай Г.³

¹ Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

² ТОО "Реабиллион Групп" Реабилитационный центр AlaMed
Тараз, Казахстан

³ Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ МАТЕРЬЮ И СЫНОМ

Аннотация

В этой статье рассматриваются особенности отношений между родителями и детьми, такие как привязанность и зависимость. Психология отношений между сыном и матерью рассматривается с двух точек зрения: матери и сына. Феномен матери описывается как

оценка способности и готовности матери решать конкретные образовательные задачи в семье, предоставляя ребенку жизненный опыт и помогая ему в жизни и образовательном потенциале. Во взаимоотношениях сына и матери учитываются объективные потребности, эмоциональное удовлетворение, конкретные воспитательные функции, характеризуются привязанностью. Изучение взаимоотношений сына и матери очень важно как для понимания факторов, влияющих на формирование личности ребенка, так и для организации психолого-педагогической практики. Близость, любовь, общение в духе доверия, забота друг о друге оказывают глубокое влияние на психику мальчика и обеспечивают широкий спектр дополнительных эмоциональных тревог и потребностей и, таким образом, становятся школой для истинных социальных чувств к нему. Мать, будучи первой женщиной на пути к каждому мужчине, неосознанно определяет свою будущую любовную жизнь. Каждая мама понимает, что ничто не может сравниться с ее любовью. Поскольку связь между матерью и сыном имеет большое значение, она влияет на будущую жизнь мужчины. Основной проблемой в этих отношениях является привязанность матери к сыну, который проявляется в чрезмерной заботе.

Ключевые слова: семья, отношения матери и ребенка, привязанность, зависимость, забота.

Kurmashova A.S.¹, Mazitova D.E.², Duisenbay G.³

*¹Kazakh national women's teacher training university
Almaty, Kazakhstan*

*²LLP "Rehabillion Group" AlaMed rehabilitation center
Taraz, Kazakhstan*

*³Al-Farabi Kazakh national university
Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF RELATIONSHIP BETWEEN MOTHER AND SON

Annotation

This article discusses features of the relationship between parents and children, such as attachment and dependence. The psychology of the relationship between son and mother is considered from two points of view: mother and son. The phenomenon of the mother is described as an assessment of the ability and willingness of the mother to solve specific educational problems in the family, providing the child with life experience and helping him in life and educational potential. In the relationship between son and mother, objective needs, emotional satisfaction, specific educational functions are taken into account, characterized by affection. Studying the relationship between son and mother is very important both for understanding the factors affecting the formation of the personality of a child, and for organizing psychological and pedagogical practice. Intimacy, love, trustful communication, caring for each other have a profound effect on the psyche of the boy and provide a wide range of additional emotional anxieties and needs and, thus, become a school for true social feelings for him. Mother, being the first woman on the way to every man, unconsciously determines her future love life. Every mother understands that nothing can compare with her love. Since the relationship between mother and son is of great importance, it affects the future life of a man. The main problem in this relationship is the mother's affection for her son, which is manifested in excessive care.

Keywords: family, mother-child relationship, affection, dependence, care.

Кіріспе.

Бала мен ата-ана арасындағы қатынас саласындағы алғашқы эксперименталды зерттеулер 1899 жылы басталды: балаларды жазалау туралы ата-аналардың пікірін анықтайтын

сауалнама әзірленді. XX ғасырдың 30-шы жылдарында ата-ана нұсқаулары мәселесіне арналған зерттеу жұмыстарының өсуі байқалады.

Ресей психологиясында статистика қарапайым, сондықтан осы мәселе бойынша ақпараттың белгілі бір тапшылығы байқалады. А. Г. Лидерс, О. А. Карабанова, А. С. Спиваковская және отбасының психологиялық қызметін зерттеумен айналысатын басқа да көптеген психологтар әділ түрде көрсетіп отырғандай, бүгінгі күні балалар мен ата-ана қатынасын диагностикалау әдістеріне ата-аналар тарапынан да, балалар тарапынан да қажеттілік сақталып отыр[1]. Көптеген заманауи зерттеушілердің балалар мен ата-ана арасындағы қатынас саласына қызығушылығы ересектердің бала дамуы үшін рөлінің маңыздылығымен түсіндіріледі және қазіргі уақытта осы өзара әрекеттесудің когнитивті және эмоционалдық компоненттерін бөлу қабылданған. Отбасы ортасы - бұл ата-аналардың жеке ерекшеліктерінің ұштастыру, отбасы тұратын жағдай, тәрбие стилі және т. б. [8] Баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға отбасыда басым болатын өмірді ұйымдастыру стилі елеулі әсер етеді. Г. А. Широковтың айтуынша, бала өз тәжірибесінде алғаш рет кездесетін қатынас құрылымы - бұл бала белгілі бір орынға ие болатын отбасы құрылымы. Әрбір позицияда өзіндік ерекше функциясы бар, ал жаңа, бейтаныс жағдайда бала ауыстыру немесе алмастыру процедурасын жүргізеді[2]. Теориялық тұрғыдан бұл жағдай Д. Б. Эльконин бойынша орнын ауыстыру алғаш рет әдеттегі жағдайды қазіргі кезде жетіспейтін объектімен толықтыру қажеттілігі болған кезде пайда болады. Анаға деген сүйіспеншілік пен бауырмалдық аясында бір мезгілде өзін сол жыныстың ата-анасымен теңестіру процесі де орын алады. Ата-аналар бір-бірімен күйеуі мен әйелінің рөлдік қатынасында болғандықтан, оны түсіну балада еліктеу қажеттілігін тудырады[3].

Педагогтар мен психологтар баланың отбасындағы саулығын отбасының маңызды функцияларының бірі – дені сау тұлғаны тәрбиелеу үшін жағдай жасау деп қарастырады. Ол үшін баланың отбасын және өзін өзі түсінетінін, өзінің мінез-құлқын, отбасына және өзіне деген көзқарасын анықтайды. Балалар өздерінің шектеулі тәжірибесі, өзіндік ойлауы салдарынан айналадағы болып жатқан жағдайды басқаша қабылдайды және бағалайды. Олардың мінез-құлқын, эмоциясын, уайымын түсінуге және оларға тек олардың көздерімен әлемге қарауға болады. Балаларға тек әдейі және мақсатты тәрбиелік ықпалдар ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың мінез-құлқының барлық ерекшеліктері де әсер етеді[9;10]

Ұл бала мен ана арасындағы бауырмалдық жағдайында аналардың мінез-құлқының болжамы нақты. Олардың мінез-құлқы алдын ала болжанады, ал олардың өздері қойылған мақсаттар бағытында тікелей әрекет етеді. Олардың мінез-құлқытық белсенділігі импровизацияға, эмоцияларға және жағымды әсерлерге ұшырамайды, бірақ тәуелділік жиі махаббатқа ұшырайды[4;5]. Бала-ата-ана қарым-қатынасын дамыту барысында ана-ұлы диалогындағы өзара қарым-қатынасты дамытуға әсер ететін ана позициясының өзгеруі орын алатыны белгілі, бұл өз кезегінде, ұлының жеке басының қалыптасуы мен дамуына, оның оң әлеуметтенуіне және өмірлік қиындықтармен күресуге көмектеседі. Мәселен, бір жағынан, ана-ұлы жұбындағы қарым-қатынастың қиындығы мен қарама-қайшылықтары болады, бір жағынан, өз ұлының дәрменсіз және ересек ер адамның қалыптасуына ықпал ету керектігін сезінеді. Бірақ осымен бір мезгілде оған қарсылық көрсету, екінші жақтан ұлына деген қимастық сезім . Ұлдың жасын өзгеруі мен бала-ата-ана қарым-қатынасының параметрлерінің, атап айтқанда, ұстанымдардың, эмоционалдық қарым-қатынастың сапасының, ана мен ұлдың автономдық деңгейінің өзгеруі болады[6;12].

Отбасылық қатынастар психологиясы бойынша қазіргі заманғы зерттеулер ана мен ұлдың өзара қарым-қатынастарын дамыту ерекше түрде түсіндіріледі: ана мен ұл арасындағы тығыз байланыс оның туған сәтінен бастап бірте-бірте әлсіреуі тиіс, бала әкесінің көмегімен анадан бөлінеді. К. Хорнидің пікірі бойынша, қарым-қатынастардың дамуын анықтайтын ана өзінің ескі жанжалдарының әсері болып табылады, оның нәтижесінде өз ата-аналарына деген қарым-қатынас оның балаларға деген қарым-қатынасына әсер етеді, әкесінен ұлға деген

сүйіспеншілікті көшіру, ескі бейнелерді іске асыру жүреді. Мұндай жанжал көбінесе қарым-қатынасты күрделендіреді, қарама-қайшы үрдістер байқалады, анасы ұлын үлкендерге және өз бетінше көргісі келеді, бірақ оның бөлінуіне кедергі келтіреді[7;11].

Зерттеу мақсаты: отбасындағы ана мен ұл бала арасындағы қатынас ерекшеліктерін зерттеу. Зерттеу болжамы: толық емес отбасындағы ана мен ұлы арасындағы қатынастардың өзіндік ерекшеліктері бар: анасы мен ұлы арасындағы эмоциялық жақындық анасы мен қызына қарағанда жоғары деңгейде болады.


Зерттеу әдістері.

Зерттеу барысында «PARI» әдістемесі, «Балалардың ата-аналарын бағалауы» тесті қолданылды. 1.PARI әдістемесі практикалық психологтың ең маңызды бағыттарының бірі отбасымен жұмыс істеу (ерлі-зайыптылар, ата-аналар, отбасылар мен балалар). Бұл жұмыстың басты бағыты толық және объективті ақпарат алу болып табылады. Психологияда ата-ана мен бала туралы өзара қарым-қатынас туралы ақпаратты жинаудың неғұрлым толықтай жинақталған әдістері бар. PARI (ата-аналық қарым-қатынасын зерттеу құралы) техникасы ата-аналардың (ең алдымен, аналардың) отбасылық өмірдің әр түрлі жағына (отбасылық рөліне) көзқарасын зерттеуге арналған. Авторлар - американдық психологтар Е.С. Шефер және Р.К. Белл Бұл әдіс Польшада (Рембовский) және Чехословакияда (Котаскова) кеңінен қолданылды. Ресейлік адаптациясын психология ғылымдарының кандидаты Т.В. Нещерет жасаған. Әдістемеде ата-аналардың балаға және отбасылық өмірге қатысын әр түрлі аспектілеріне сілтеме жасайтын 23 аспектке бөлінеді. Олардың ішінде 8 белгілер отбасындағы рөлдерге қатысты көзқарастарды сипаттайды және 15 ата-ана мен баланың қарым-қатынасына қатысты. Бұл 15 белгілер келесі 3 топқа бөлінеді: 1 - оңтайлы эмоционалдық байланыс, 2 - баламен шамадан тыс эмоционалдық қашықтық, 3 - балаға шамадан тыс шоғырлану. 2. Балалардың ата-аналарын бағалауы» тесті «Отбасылық қатынастарды талдау»(Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. В.) сауалнамасының балаларға арналған адаптациясы. Тест 120 мәлімдемеден тұрады. Онда 18 шкала бар. Алғашқы 11 шкала отбасындағы тәрбиелеудің негізгі стильдерін көрсетеді; 12, 13, 17 және 18 шкалалары отбасылық өмірдің құрылымдық рөлі туралы түсінік беріледі, 14 және 15 шкалалар өзара әсер ету жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін, 16 шкала- отбасылық интеграцияның жұмыс механизмін көрсетеді[14;15].

Зерттеу сипаттамасы, нәтижелері.


Экспериментке респондент ретінде 40 адам қатысты: 1-4 курс аралығындағы 20 (ұлдар) студент және олардың аналары. Қатысушылар бақылау тобы(толық отбасы) және эксперименттік топ(толық емес отбасы) болып 2-ге бөлінді. Нәтижелер Манна-Уитнидің U-критерийі[13] бойынша өңделді.

1. «PARI» әдістемесі бойынша нәтижелер. Достық қатынас және ренжітуге қорқыныш белгілері бойынша эксперименттік топтағы аналарда көрсеткіш 10%-ға жоғары. Яғни, екі топтағы аналар демократиялық тәрбие стилін, теңдік қатынастарды және өзара сенімділікті орнатуға бейім. Сонымен қатар, олар ұлдарын ренжітуге және оларға зиян келтіруге қорқады.Эксперименттік топтағы аналар артық қамқорлыққа, баласын қауіпті және қиын жағдайлардан қорғауға деген талпынысы, баланың әлеміне шамадан тыс араласуы бақылау тобындағы аналарға қарағанда 20%-ға жоғары(Гистограмма 1)



Сурет -1. «PARI» әдістемесінің белгілері бойынша жоғары мәндердің айырмашылықтары

2.«Балалардың ата-аналарын бағалауы» тесті. Гиперпротекция шкаласында көрсетілгендей, эксперименттік топтағы аналар аналардың ұлдарына деген тым қатты көңілін, күші мен уақытын бөлуі, оны өміріндегі ең басты мәні деп санау 50%-ында жоғары көрсеткішке ие. Мақұлдаушылық эксперименттік топтағы аналар ұлдардың аналарының 80%-ында жоғары көрсеткішті көрсетеді ($p \leq 0,05$). Яғни, бұл топтағы аналар үшін балаларының айтқаны заң болып келеді. Бала әкесіз өсіп жатқандықтан, барлық еркеліктерін көтереді, қалауларын сөзсіз орындауға тырысады. Бақылау тобында тыйым салмауы эксперименттік топтан 40%-ға жоғары деңгейде болып келеді ($p \leq 0,05$). Яғни, бала теріс қылықтар жасаса да, анасы оны жазаламайтынын біледі. Сондықтан, шектеулер болса да, оны ойланбастан бұза алады (Гистограмма 2).



Сурет 2 - «Балалардың ата-аналарын бағалауы» тестінің шкалалары бойынша жоғары мәндердің айырмашылықтары

Қорытынды.

Зерттеу мақсаты отбасындағы ана мен ұл бала арасындағы қатынас ерекшеліктерін зерттеу болды.

Бала-ата-ана қатынастары қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде баланың психикалық дамуы мен әлеуметтену процесінің маңызды детерминанты болып табылады. Екі тарап та

өмірдің әр кезеңінде осы қатынастарды дамытуда маңызды рөл атқарады, бірақ олардың ерекшелігі қатынастардың басты субъектісі ретінде ата-анаға қатысты болып табылады. Бұл қарым – қатынас ең күшті адам сезімдерімен, баланың қамқорлығына, қорғауға деген қажеттілігімен, ал, ересек жаста, бірінші кезекте ана тарапынан бауыр басушылығымен сүйемелденеді. Ерте балалық шақта қалыптасқан қарым-қатынастар ерекше төзімділігімен және тұрақтылығымен ерекшеленеді. Әр түрлі психологиялық бағыттарда ана бала тұлғасының дамуы мен қалыптасуын анықтайтын басты тұлға болып саналады. Кез келген толық отбасы баланың толыққанды дамуы мен тәрбиесі үшін қалыпты орта емес. Бірақ, отбасында екі ата-ананың болуы оның психикалық денсаулығын сақтауға байланысты көптеген міндеттерді табысты шешуге көмектеседі. Бұған толық емес отбасы проблемаларын зерттеумен айналысатын мамандар бірнеше рет көз жеткізді. Атап айтқанда, толық емес отбасындағы балаларды тәрбиелеу мен олардың кейінгі сәтсіз отбасы өмірі арасындағы статистикалық байланыс байқалады. Некенің ыдырау ықтималдығы толық емес отбасында тәрбиеленген жұбайларда көп.

Эксперимент нәтижелері бойынша толық отбасы мен толық емес отбасындағы ана-ұл қатынасының арасында бірнеше шкалалар бойынша жоғары мәндер анықталды. Екі топтағы ұлдардың аналары ұлдарымен достық қатынас орнатуға, өздерін сенімді адам ретінде көрсете отырып, ұлымен тығыз байланыс орнатуға талпынады. Эксперименталды топтағы аналар ұлдарына деген артық қамқорлыққа, баласын қорғауға және баланың әлеміне шамадан тыс араласуға бейім. Эксперименталды топтағы аналардың ұлдарымен серіктестік қатынаста болуы және өміріне қызығушылық білдіру бақылау тобындағы ұлдардың аналарына қарағанда жоғарырақ. Екі топтағы аналардың да қатал тәрбие мен тым қатты бақылауға бейімділігі төмен деңгейде. Эксперименталды топтағы аналар ұлдарына тым көп уақыты мен күшін бөлуі жартысында жоғары көрсеткішке ие. Сонымен қатар, бұл топтағы аналар балаларының айтқанынан шыға алмайды, барлық еркеліктерін көтереді. Эксперименталды топтағы аналар ұлдарына тыйым салулардың болмауы өте жоғары деңгейде. Отбасында ұл бала теріс қылықтар жасаса да өте сирек жазалайды. Тыйым салулар мен талаптарға байланысты шкалалар арасындағы айырмашылық $p \leq 0,05$ деңгейінде статистикалық мәнді екендігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ageev B.C. *Psichologicheskoe issledovanie sotsialnyh stereotipov // Voprosy psichologii. 1986. № 1.*
2. Akkerman D. *Lyubov v istorii Lariy Aj Seks v Biblii. M., 1995.*
3. Azarova E.A. *Problema tendernykh stereotipov v modernom soznanii. Dis. kand. fil. nauk. SPb., 2000.*
4. Copeland C.J. *Do parents matter? Parental attachment and its effect on becoming independent in emerging adulthood: Dissertation. Ann Arbor: Portland State University, 2010. 66 p. URL: <https://search.proquest.com/docview/597946793?pq-origsite=gscholar> (data obraennua: 24.07.2017).*
5. Popov L.M., Ilesanmi R.A. *Parent-Child Relationship: Peculiarities and Outcome // Review of European Studies. 2015. Vol. 7. № 5. P. 253—263. doi:10.5539/res.v7n5p253*
6. Kryukova T.L., Saporovskaya M.V., Kyftak E.V. *Psichologiya semi: semeinyi stress i sovladayee povedenie. – Kostroma: RTsOI «Ekspert-EGE», 2004.*
7. Freud Z. *Vvedenie v psihoanaliz: Lektsii. – SPb.: Piter, 2004.*
13. <http://medstatistic.ru/theory/mann.html>
14. <https://psycabi.net/testy/599-metodika-pari-test-oprosnik-izucheniya-roditelskikh-ustanovok>
15. <https://pro-psixology.ru/psixologicheskoe-obsledovanie-semi/616-oprosnik-roditelskogo-otnosheniya-k-detyam.html>